

ҒЫЛЫМ ШТУРМАНЫ АҚЖАН ЖАҚСЫБЕКҰЛЫ ӘЛ-МАШАНИ

Имангалиев Алмас Темирбекович

imangaliev_historian@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 2-курс докторанты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Дүкенбаева З.О.

*Ғылымның сенімді тірегі – дін,
Діннің қуатты дәлелі – ғылым.
(Ақжан әл-Машани) [1, 47 б.].*

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында қазақ халқының бас ақыны Абай тұлғасын және мұраларын оқудың және әрі қарай зерттеп-зерделеудің маңыздылығын және Қазақстан халқының ой-санасының жаңғыруының негізгі бағыттарын айқындап көрсетті [2, 2-3 б.]. Бұл бағытта Мемлекет басшысы «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақалада: «Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін» деп атап өтеді. Ал Отан тарихындағы Абай секілді дана тұлғаларды одан әрі зерттеу мақсатында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында келесідей атайды: «Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет» деп көрсетеді [3]. Осы ретте, тұлғаның тарих ғылымындағы орны туралы Тарақов Әнуар Сауатұлы «Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы» атты докторлық диссертациясында тарих ғылымына анықтама бере келе, «тарих – адамзат баласының жүріп өткен сан қырлы дәуір жолдары, бастарынан өткен қиындықтары, өмір ауырлығы, жеңісі мен жеңілісі. Тарих – сол халықты танытатын керемет өмір оқулығы» деп бағасын береді [4, 3 б.].

Тарих – ғасырларды, сан мыңдаған жылдарды қамтитын, тереңге батқан замана ағымы. Ал, замана дәуірін туғызушы және қайта түлетуші әр адамзат баласының өмір-тіршілігін және оның кезеңделуін әр дәуірде өмір сүрген озық ойлы тұлғалар шоғырын, ғалымдар мен ақын-жазушылардың рухани шырақтарын айтады. Осы ретте, «тарихты тұлғалар жасайды» деген қағидаға сүйене отыра, тарихты тудыратын да, жаңартатын да тұлға. Сол себептен де тұлғаның тарихта алатын орны орасан. Аталған мәселе аясында, белгілі тұлғатанушы-ғалым Манаш Қозыбаев «Тұлғалар тұғыры» атты еңбегінде: «Тарихта тұлғаны ақ алмастай замана шыңдайды, ақ алмас, Мұхтар Омарханұлы атап көрсеткендей, қаттыны жарады, жұмсақты тіледі, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір-қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дария еркін малтып өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады» дей келе [5, 4 б.], тұлғаның тарихта алатын орнын айқындап көрсетіп, заманның ащысы мен тұщысына шыдап, қиыны мен қуанышын халықпен бірге өтеп, халықты артына ерте білген, ерліктің үлгісін көрсеткен тұлғалар шоғыры дүниеге келді. Әсіресе, ХХ ғасырда білім мен ғылымды дамытқан Әлихан Бөкейхан, Мұхамеджан Тынышпаев, Тұрар Рысқұлов, Қошке (Қошмұхамед) Кемеңгерұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхтар Әуезов секілді және т.б. тұлғалар – қазақ тарихының өшпес қайнар көзі.

Осы орайда, ХХ ғасырдағы ғылым халы мен тұлғалары туралы академик Герой Жолтаевтың естелігін келесідей ұсынамыз: «Иә, ХХ ғасырдың кереметі көп. Осының бәрі таң қалып, тамсанғаннан адамзаттың басы айналып тұрғандай сезіледі кейде маған. Сондай дейміз-ау, бұл құдіретті жасап жатқан кім және не? Иә, ол – ғалым мен ғылым құдіреті. Абай ақын айтпай ма «Алланың бір аты – ғылым!» деп. Сол Алланың бұйрығымен болар ғалымдықтың жүгін көтеріп, ғылымның жолын қуып, артында өз сөзі мен ісін қалдырған

құрметті азаматтар біздің халқымызда аз емес. Шоқ жұлдыздар – Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Ақжан Машанов, Шапық Шөкин, Ермұқан Бекмаханов, Ебіней Бөкетов... [6, 126 б.]. Баршамызға белгілі бұл тұлғалардың халық үшін атқарған қоғамдық қызметтері мен ғылым жолындағы игі істері өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге.

Жоғарыда аталған тұлғалардың ішінде Қазақстан және Орта Азияда тұңғыш фарабитану ғылымының негізін салушы, ғылым штурманы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың алар орны ерекше.

Ақжан әл-Машани ғылым жолында геометрия, оптика, механика, химия, геохимия, кристалдық химия, геология, география, технология және әдебиет, философия, тарих ғылымдары бойынша еңбектері бар. Мәселен, Ақжан әл-Машанидің шәкірті, профессор Ә. Бейсенова «Менің ұстазым – Ақжан Машани» атты мақаласында келесідегідей атап өтті: «Ақаң тек қана маркшейдер, геолог емес, ол қазақ ұғымында палеонтологияның, минерологияның, кристаллографияның, стратиграфияның негізін салған адам. Жер ғылымының жаңа саласы – геомеханика ғылымының іргетасын қалаушылардың бірі. Оның «Кристаллография, минерология және петрография» деп аталатын оқулығы кезінде табиғат сырына қызығушылардың қолынан түспейтін кітап болды» [7, б 15]. Осыған, байланысты 1939 жылы «Қазақ» мемлекеттік баспасынан жарық көрген Ақжан Машановтың «Таулар қалай құрылған» атты ғылыми еңбегінде тау жотасы тақырыбы төңірегінде «Таудың адам тіршілігіне керегі», «Тау деген не?», «Орал, Азия, Арқа таулары», «Таулардың құрылған уақыттары» атты тарауларға бөлініп ғылыми ой-тұжырымдарымен бөлісті [8]. 1948 жылы Ақжан Машановтың «Жер сыры» атты еңбегі жарыққа шықты. Келесі жылы 1949 жылы Жер сілкінуі» атты кітапшасы арнайы баспадан жарық көрді. ҚазССР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Ақжан әл-Машанидың «Жер сыры» атты кітабында былай деп атап өтті: «Геолог А. Машановтың «Жер сыры» атты еңбегі қазақ тіліндегі ең тұңғыш кітап болып табылады... Кітаптың әдемі әдебиеттік, геологиялық оқиғалар мен кейбір терминдердің негізін түсіндірудегі автордың шеберлігі ерекше болып табылады...» деп мәлімдей келе, аталмыш еңбектің геология ғылымы мамандарына таптырмас еңбектің бір үлгісі іспетті [9, б 233]. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың геология ғылымы аясында көптеген еңбектері бар, Атап айтатын болсақ, «Полезные ископаемые Казахстана» (1950)», «О некоторых принципах горной геометрии П.К. Соболевского» (1952), «Жер құрылымы» (1954), «Жер астына саяхат» (1957), «Геология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» (1960), «Ғылымның дамуы» (1960) еңбектерін атауымызға болады [8, б 369-371].

Осылайша, Ақжан әл-Машани геология ғылымы бойынша қалам тартқан мұраларынан ежелгі дәуір айнасымен және жер ғылымының ерекшеліктерімен танысуымызға болады. Мәселен, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «жеті қат жер» деген түсігін алға тартатын болсақ, баршамызға белгілі, Менделеев кестесінде 109 элемент бар. Соның жеті элементі (Темір (26), Мыс (29), Күміс (47), Қалайы (50), Алтын (79), Сынап (80), Қорғасын (82)) кең таралған. Осы элементтердің периодтық жүйедегі сандарын қоссақ, мәні 393 шығады. Енді осы 393 санын екі еселесек, 786 болады. Бұл 786 саны Бас батаның (بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ — бисмилляхи-р-рахмани-р-рахим) АБЖД ғылымы бойынша есептегенді мәні. Осы орайда, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың көрсетуі бойынша бұл ғажап құбылыс екендігін атап көрсетеді [10, 34 б.].

Сондай-ақ, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани геология ғылымы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, дүниенің шындығына жетуді мақсат тұтты. Осыған дәлел ретінде, Ақжан әл-Машанидың қолжазбалар қатары жинақталған «Табу» атты кітаптың 5-ші томында келесідей көрсетеді: «Адамның шындық жолын іздегендегі өмір тасы, қиял тасы – фан тасы. Фан тастарының ішіндегі ең асылы - темір.

Фан тасы пана болған адамзатқа.

Сол затпен ие болған адамзатқа,

Әлемді ұстап тұрған нұрлы тастың

Жалғасы жүрегінде, таза сақта», деп атап көрсетеді [11, 30 б.].

Расымен де, темірдің адамзат баласы пайдасы өте көп. Атап айтатын болсақ, қасиетті Құрандағы сүрелердің саны жүз он төрт болатын болса, оны жарты бөлігі сүре саны елу жетінші [Ал-Хадид (темір)] болып табылуы, адам ағзасындағы тыныс (дем алыс) металы – темірдің болуы [11, б. 242] және темір атомының барлық галактикаларға таралуы [11, б. 247] темір металының басқа да қасиеттері жағынан маңызды екендігіне көз жеткізуімізге болады.

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани жер, табиғат ғылымдарымен қоса, Фараби мұраларын зерттеп, Қазақстан мен Орта Азияда фарабитану ғылымының негізін қалады. Бұл туралы «әл-Фараби және Сұлтан Бейбарыс» қорының Вице-президенті Самир Али Дерех «Научное наследие А. Машани в мировую науку» атты ғылыми мақаласында келесідей атап өтеді: «Я являюсь этническим арабом-сирийцем, родился и вырос в городе Дамаске, в городе, в котором долгое время жил и творил замечательный ученый Древнего Востока – славный сын казахского народа Абу Наср Аль-Фараби. Я считаю, что мне выпало счастье посещать памятные места, связанные с деятельностью Аль-Фараби у меня на родине в Дамаске. Прибыв в вашу страну 14 лет назад, я узнал, что замечательный и выдающийся мыслитель современности – уважаемый Ақжан Машани посвятил всю свою жизнь науке, и в частности изучению культуры Востока, а также глубокому и подробному постижению, развитию и анализу трудов Аль-Фараби. Научное наследие и вклад мировую науку Ақжан Машани велики и неопенимы» [9, 15 б.]. Ал, белгілі ғалым Салық Зиманұлы 1996 жылы «Вечерняя Алма-ата» газетінде: «Он второй раз вернул аль-Фараби на казахскую землю (Об А. Ж. Машанове)» атты мақаласында келесідей атап өтеді: «Ақжан Жақсыбекович стоял у истоков науки фарабиеведения, прокладывая первый его фундамент, был его начинателем и сам был активным его исследователем. О том, что он не только видный ученый-геолог, но вместе с тем большой исследователь и ценитель истории культуры своего народа» [12, 275 б.]. Осылайша, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ұлттық тарихымыздың бір парағына ортағасырдың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби есімімен толықтырды.

Осы ретте, ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы қаламынан бірнеше ғылым салалары сабақтасқан ғылыми еңбектер, монографиялар және мақалаларын басылымдарда жариялап оқырман назарына ұсынды. Атап айтатын болсақ, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани 1943 жылы Ұлы Абайдың 100 жылдығына арнап «Абайдың шығармаларындағы табиғат ғылымының көріністері» атты тақырыбында ғылыми баяндама жасаса [13, 11 б.], 1961 жылы Әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігін бұлтартпас дәлелдерін ҚР ҰҒА Хабаршысында жариялауы ғылымға үлке серпіліс берді (Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы – 1961, №5, 105-106 бб.) [14, 14 б.]. Сонымен қатар, 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Әл-Фараби» тарихи романы [15] мен 1994 жылы Абайдың 150 жылдығына орай, екі ғұламаның арасындағы рухани сабақтастықтың дүниетанымына арнап «Әл-Фараби және Абай» [13] атты ғылыми еңбегін жазып, келешек ұрпаққа мол мұра қалдырды.

Ақжан Хазірет тек Отандық ғылымда ғана емес, әлемдік аренада ғылыми-зерттеу жұмыстарымен бөлісіп, ой-тұжырымдарын алға тартып отырды. Атап айтатын болсақ, ол 1984 жылы Ақжан әл-Машанидың Фарабитану ғылымы бойынша зерттеу жұмысы Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналында жарық көрді [16, 68 б.]. Сіздердің назарларыңызға, Түркістан облысы Шәуілдір ауылындағы «Руханият Әбу Нәсір әл-Фараби» мұражайының қорында сақтаулы аталмыш журналдағы Ақжан әл-Машанидың мақаласының үзінді нұсқасын ұсынып отырмыз:



(«Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби мұражайы»-ның сирек қорынан алынды) [16]

Осыған байланысты, белгілі ғалым Махмұд Фаһми Хижази «Машани (1906-1997) мұраларындағы қазақи құндылықтар және Араб мемлекеттерімен мәдени байланыстар» атты мақалада былайша негіздейді: «Шындығында да, Машани - күллі Орта Азияға әйгілі адам. Әрі, 1984 жылдан бері Кувейтте оның еңбегі жарияланған уақыттан бастап араб елдеріне де мәлім болған» деп атай келе, әлемдік деңгейдегі орнын атап көрсетті [9, 29 б.]. Бұл дегеніміз, тұңғыш әл-Фараби мұраларын халық назарына ұсынған Ақжан әл-Машанидың ғылымға қосқан сүбелі үлесі хақ.

Қорытындылай келе, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани фарабитану ғылымының негізінде, табиғат ғылымдарын сабақтастыра зерттеп келешек ұрпаққа дүниенің шындық жолын табуға нұсқады. Ол дегеніміз, «жер мен аспан әлемі арасында үндестікті зерттеу арқылы жаңа ғылым сырларын тануға мүмкіндігіміз молаятынына сеніміміз кәміл.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. 13-том. Ғалами мөр. – 400 б.
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // Egemen Qazaqstan. №5 (29734) 9 қаңтар, 2020 жыл.
3. Қасым-Жомарт Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. 5-қаңтар, 2021 жыл. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>
4. Тарақов Әнуар Сауатұлы. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. (Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы). 10,01.02. Қазақ әдебиеті. Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қазақстан Республикасы. Алматы, 2006. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. 36.,76.,166.
5. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. / Құраст. І. Қозыбаев. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. – 540 б.
6. Оразалықызы Г. Шахмардан Есенов: Алматы: «Қазақстан», 2012. – 376 б.
7. Бейсенова Ә. Менің ұстазым – Ақжан Машани. Алматы Ақшамы баспасы, 23 қазан 2014ж.

8. <http://nblib.library.kz>. Машанов, Ақжан. Таулар қалай құрылған [Электронный ресурс] / Машанов, Ақжан; ҚР БҒМ ҒК "Ғылым ордасы" РМҚ,ОҒК. - Алматы : Қазақстан, 1939. - 35 б.
9. Машани А. .Ақжан Машанидың ғибраты. 7-ші т. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 – 266 бет.
10. Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. Тұран қақпасы. – 392 б.
11. А. әл-Машани. Табу. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. – 296 бет.
12. Салық Зиманов. Материалы к биографии. / сост: И. М. Козыбаев. Астан, 2014. – 320 б.
13. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 бет.
14. Машани А. Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл-Фараби» романы. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2005, 352 бет.
15. Машанов А. Әл-Фараби. /870-1970/ Тарихи-деректі кітап. – Алматы: Жазушы, 1970. – 245 б.
16. «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» мұражайының сирек қорынан алынды.